

«Мемсараптама» РМК бас
директорының
26.11.2024
№441 бұйрығына
қосымша

**«Мемсараптама» РМК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

Астана, 2024 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы (бұдан әрі – Кәсіпорын) осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес және ҚР СТ ISO 37001:2017 ұлттық стандарты негізінде әзірленді.

1.2 Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа тыйым салынған және Кәсіпорынның барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру қағидаттары айқындалған.

1.3 Осы Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін қалыптастыру жөніндегі шараларды әзірлеу үшін негізді қамтамасыз ету болып табылады.

1.4 Кәсіпорын қызметкерлері өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы заңнамасының, парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – ПҚМЖ) және Кәсіпорынның өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын басшылыққа алуға міндетті.

2. Қолданылу аясы

2.1 Саясат қызметкерлер мен лауазымды адамдардың өз функцияларын жүзеге асыруы және атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен қызмет кезеңіне қарамастан жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауы кезінде Кәсіпорын қызметінде қолданылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары

3.1 Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік қағидаты Кәсіпорын атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) «жоғарыдан ықпал ету» - Кәсіпорынның лауазымды адамдары өздерінің мінез-құлқымен Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне жоғары этикалық стандарттарды және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті оның кез келген көрінісінде сақтау және ілгерілету бойынша үлгі көрсетеді;

3) **тиісінше сақтық қағидаты** – сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы немесе сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке ие болуы мүмкін бизнес-әріптестермен іскерлік қарым-қатынастар тәуекелін азайту үшін шаралар кешенін қабылдау;

4) **жазаның қолданылмай қалмайтындығы қағидаты** – Кәсіпорын атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан Кәсіпорын қызметкерлеріне лауазымдық міндеттерін атқару кезіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған жағдайда жазаның қолданылмай қалмайтындығы туралы мәлімдейді;

5) **ашықтық қағидаты** – Кәсіпорын қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы бизнес-әріптестер мен жұртшылықты хабардар ету.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер

4.1 Саясат мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізуі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізуі;
- Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;
- Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту;
- ҚР СТ ISO 37001:2017 ұлттық стандартына сәйкес ПҚМЖ әзірлеу, енгізу, қолдау және тұрақты жақсарту;
- жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету.

5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар

5.1 Кәсіпорын мүдделі тараптарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық нормалар мен Кәсіпорын нормаларын сақтау бойынша талаптарды белгілейді, соның ішінде:

- ҚР заңнамасын, осы Саясатты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірмелерді және шарттарда айқындалған міндеттемелерді адал сақтау;
- сыйлық беруге және/немесе сыйлық алмасуға шектеулер;
- мүдделер қақтығысын жою;
- өзінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару тетіктері.

5.2 Кәсіпорын келесі жұмыс түрлерін жүргізеді:

- қызмет бойынша ауысатын қызметкерлерді қоса алғанда, мүдделі тараптарға қатысты кешенді тексерулер;
- Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларының орындалуын қамтамасыз ету мониторингі;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жүйелі талдау және бағалау;
- ПҚМЖ ішкі аудиттері;

- ПҚМЖ жақсарту мақсатында Кәсіпорын қабылдайтын шаралардың тиімділігін талдау;
- өтініштер мен шағымдарды қарау;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары мен күдіктерін ішкі тергеу.

6. Комплаенс-қызмет

6.1. Комплаенс-қызмет Кәсіпорынның тәуелсіз құрылымдық бөлімшесі болып табылады және:

- сыбайлас жемқорлық схемаларының алдын алу және анықтау бойынша тиісті шараларды қарау, талдау, қабылдау;
- ПҚМЖ әзірлеу мен енгізуді бақылау;
- Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне ПҚМЖ жұмысы және сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелер бойынша кеңес беру;
- ПҚМЖ ҚР СТ ISO 37001:2017 ұлттық стандартының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау үшін барлық қажетті өкілеттіктерге ие.

7. Ақпараттандыру

7.1. Егер Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық әрекеті, ПҚМЖ талаптарын бұзу орын алғаны туралы адал ниеттерге негізделген қандай да бір куәлік немесе негізделген болжам болса, Кәсіпорын қызметкерлері бұл туралы Комплаенс-қызметке, тікелей басшыға және/немесе жоғары тұрған басшылыққа (Кәсіпорынның бас директорын қоса алғанда) дереу хабарлауға міндетті.

7.2 Егер үшінші тарапқа Кәсіпорынның қызметкерлері мен лауазымды адамдары тарапынан, сондай-ақ оларға қатысты сыбайлас жемқорлық әрекеті белгілі болса немесе негізді түрде күдікті болса, онда үшінші тараптың бұл туралы Кәсіпорынның комплаенс-қызметіне (+7 7172-57-38-01) не жалпы Кәсіпорынға келесі байланыс арналары арқылы ресми өтініш жасау жолымен хабарлауға мүмкіндігі бар:

- кері байланыс нысаны: <https://www.xn--80afgiek1ajkGBP11.kz/contact>;
- электрондық пошта: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

7.3. Кәсіпорын барлық өтініш берушілерге қатысты құпиялылық қағидатының сақталуына, сондай-ақ егер парақорлық әрекеті, парақорлыққа немесе нақты әрекетке күдіктену немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты не ПҚМЖ бұзу туралы негізді болжам жасау немесе адал ниет негізінде хабарланса, оның ішінде өтініште көрсетілген фактілер тексеру барысында расталмаса, мәлімделген мәліметтерге қатысты олардың дұрыстығын тексеру жүргізілетініне және қызметкер санкцияларға, қудалауға ұшырамайтынына (жұмыстан босатылу, лауазымын төмендету, сыйлықақыдан айыру және т.б.)

және олардан қорғалатынына кепілдік береді.

Қызметкер немесе үшінші тұлға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы фактісі туралы хабарлау немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсету мақсатында жүгінген кезде Кәсіпорын өтініш жасаған қызметкермен немесе үшінші тұлғамен оның ниеті болған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасалады (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 11 мамырдағы № 153 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу қағидалары негізінде).

Егер мұндай хабарлама қасақана жалған ниетпен, мысалы, жала жабу немесе қандай да бір артықшылықтар алу немесе жауапкершіліктен құтылу мақсатында жасалған болса, онда мұндай өтініш берушіге осы Саясаттың ережелеріне және қолданылатын заңнамаға сәйкес ықпал ету шаралары қолданылатын болады.

7.4. Кәсіпорын парақорлық әрекеті, парақорлыққа күдік немесе нақты әрекет немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты немесе ПҚМЖ бұзу туралы хабарламаларды қабылдайды және оларды ақпараттың дұрыстығына тексереді.

Сыбайлас жемқорлық фактісі расталған жағдайда Кәсіпорын тиісті шаралар қабылдау үшін уәкілетті мемлекеттік органды хабардар етеді.

7.5 Кәсіпорынның лауазымды адамдары және/немесе қызметкерлері сыбайлас жемқорлықты білдіруі мүмкін проблемаға немесе жағдайға тап болған жағдайда қажетті іс-әрекеттер туралы комплаенс-қызметтен кеңес ала алады.

8. Жауапкершілік

8.1. Кәсіпорынның барлық деңгейдегі қызметкерлері осы Саясаттың талаптарын мүлтіксіз орындауға жауапты.

8.2. Саясат талаптарын бұзуды Кәсіпорын лауазымды адамның немесе қызметкердің мәртебесіне сәйкес келмейтін іс-әрекет ретінде қарайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға бұзушылық бойынша материалдарды беруге дейін тиісті шараларды қабылдай отырып, қызметтік тергеу жүргізу үшін негіз болады.

8.3 Кәсіпорынның барлық деңгейдегі қызметкерлері осы Саясатпен танысуға және оның талаптарын адал орындауға міндетті.

9. Қорытынды ережелер

9.1 Саясат Кәсіпорынның ресми сайтында (www.госэкспертиза.kz) мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылған.

9.2 Кәсіпорын Саясатты еркін қолжетімділікте орналастыра отырып, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық мәлімдейді, Кәсіпорынның

лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің, бизнес-серіктестердің және өзге де үшінші тұлғалардың Саясат қағидаттары мен талаптарын сақтауын қолдап, көтермелейді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

9.3 Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, сондай-ақ корпоративтік іскерлік этиканың әлемдік және қазақстандық практикаларындағы үрдістерді ескере отырып өзгертуге жатады.

Приложение
к приказу Генерального директора
РГП «Госэкспертиза»
от 26.11.2024
№441

Антикоррупционная политика РГП «Госэкспертиза»

Астана, 2024 год

3. Общие положения

1.1 Настоящая Антикоррупционная политика (далее - Политика) в Республиканском государственном предприятии «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (далее - Предприятие) разработана в соответствии с требованиями антикоррупционного законодательства Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции» и на основании национального стандарта СТ РК ISO 37001:2017.

1.2 На Предприятии запрещена коррупция и определены принципы формирования нулевой терпимости к проявлениям коррупции на всех уровнях Предприятия.

1.3 Целью настоящей Политики является обеспечение основы для выработки мер по предотвращению коррупции, снижению коррупционных рисков Предприятия и формированию культуры противодействия коррупции на Предприятии.

1.4 Работники Предприятия обязаны в ходе осуществления своих должностных полномочий руководствоваться принципами законности, требованиями законодательства Республики Казахстан, системы менеджмента противодействия взяточничеству (далее - СМПВ) и иных внутренних нормативных документов Предприятия.

4. Область применения

2.1 Политика применяется в деятельности Предприятия при осуществлении работниками и должностными лицами своих функций и взаимодействии с физическими и юридическими лицами, вне зависимости от занимаемой должности, выполняемых функций и периода их деятельности.

3. Принципы противодействия коррупции

3.1 Предприятие руководствуется следующими принципами противодействия коррупции:

1) нулевая терпимость к любым проявлениям коррупции

Принцип нулевой терпимости к любым проявлениям коррупции означает строгий запрет для должностных лиц и работников Предприятия, действующих от имени Предприятия или в её интересах, прямо или косвенно, лично или через какое-либо посредничество участвовать в коррупционных действиях;

2) «тон сверху» - должностные лица Предприятия своим поведением подают пример всем работникам Предприятия по соблюдению и продвижению высоких этических стандартов и нетерпимости к коррупции в любом её проявлении;

3) **принцип должной осмотрительности** — принятие комплекса мер для минимизации риска деловых отношений с бизнес-партнерами, которые могут быть вовлечены в коррупционную деятельность или быть нетерпимыми к коррупционным проявлениям;

4) **принцип неотвратимости наказания** — Предприятие заявляет о неотвратимости наказания работников Предприятия вне зависимости от занимаемой должности, стажа работы и иных условий в случае совершения ими коррупционных правонарушений при исполнении своих должностных обязанностей;

5) **принцип открытости** - информирование бизнес-партнеров и общественности о принимаемых Предприятием антикоррупционных мер.

4. Задачи в области противодействия коррупции

4.1 Политика предусматривает решение следующих задач:

- достижение Предприятием целей в области противодействия коррупции;
- проведение единой политики в области противодействия коррупции;
- формирование у должностных лиц и работников Предприятия понимания нулевой терпимости к любым коррупционным проявлениям;
- минимизация коррупционных рисков Предприятия;
- разработка, внедрение, поддержание и постоянное улучшение СМПВ в соответствии с национальным стандартом СТ РК ISO 37001:2017;
- обеспечение открытости и объективности при выполнении работ и оказании услуг.

5. Меры по предупреждению и противодействию коррупции

5.1 Предприятие устанавливает требования к заинтересованным сторонам по соблюдению антикоррупционных законодательных норм и норм Предприятия, включая:

- добросовестное соблюдение Законодательства РК, настоящей Политики, антикоррупционных оговорок и обязательств, определённых договорами;
- ограничения на дарение и/или обмен подарками;
- исключение конфликта интересов;
- механизмы управления собственными коррупционными рисками.

5.2 Предприятие проводит следующие виды работ:

- комплексные проверки в отношении заинтересованных сторон, включая работников, перемещаемых по службе;
- мониторинг обеспечения исполнения антикоррупционных мер Предприятия;
- систематические анализ и оценку коррупционных рисков;
- внутренние аудиты СППВ;
- анализ эффективности предпринимаемых мер Предприятием с целью улучшения СМПВ;

- рассмотрение обращений и жалоб;
- внутренние расследования случаев и подозрений коррупционных правонарушений.

6. Комплаенс-служба

6.1. Комплаенс-служба является независимым структурным подразделением Предприятия и наделена всеми необходимыми полномочиями для:

- рассмотрения, анализа, принятия соответствующих мер по предупреждению и выявлению коррупционных схем;
- контроля за разработкой и внедрением СМПВ;
- консультирования должностных лиц и работников Предприятия по работе СМПВ и вопросам, относящимся к коррупции;
- обеспечения соответствия СМПВ требованиям национального стандарта СТ РК ISO 37001:2017;
- взаимодействия с уполномоченными государственными органами в случае выявления фактов коррупции на Предприятии.

7. Информирование

7.1. Если имеется какое-либо свидетельство или обоснованное предположение, основанное на честных намерениях, о том, что на Предприятии имеет место коррупционное действие, нарушение требований СМПВ, работники Предприятия обязаны незамедлительно сообщить об этом Комплаенс-службе, непосредственному руководителю и/или вышестоящему руководству (включая Генерального директора Предприятия).

7.2 В случае, если третьей стороне стало известно или обоснованно подозревается коррупционное деяние со стороны работников и должностных лиц Предприятия, а также в отношении них, то третья сторона имеет возможность информировать об этом Комплаенс-службу Предприятия (+7 7172-57-38-01), либо Предприятие в целом путем официального обращения через следующие каналы связи:

- форма обратной связи: <https://www.xn--80afgiek1ajkgbp11.kz/contact>;
- электронная почта: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

7.3. Предприятие гарантирует соблюдение принципа конфиденциальности в отношении всех заявителей, а также то, что в отношении заявленных сведений будет проведена проверка достоверности и работник не будет подвергнут санкциям, преследованиям (уволен, понижен в должности, лишен премии и т.д.), и будет защищен от них, если он сообщил основываясь на честных намерениях или на основании обоснованного предположения о попытке взяточничества, подозрении на взяточничество или фактическую попытку, или о нарушении антикоррупционной политики, или СМПВ, в том числе если факты, указанные в обращении, не получили подтверждения в ходе проверки.

При обращении работника или третьего лица в целях сообщения о факте коррупционного правонарушения или оказания иного содействия в противодействие коррупции, Предприятием с обратившимся работником или третьим лицом, при наличии его намерения, заключается соглашение о неразглашении информации об оказании содействия в противодействии коррупции (на основании «Правил заключения соглашения о неразглашении информации об оказании содействия в противодействии коррупции», утвержденные приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционной службы) от 11 мая 2023 года № 153).

В случае, если такое сообщение сделано со злым умыслом, как заведомо ложное, например, с целью оклеветать или получить какие-либо преференции, или избежать ответственности, то к такому заявителю будут применены меры воздействия в соответствии с положениями настоящей Политики и применимым законодательством.

7.4. Предприятие принимает сообщения о попытке взяточничества, в подозрении на взяточничество или фактическую попытку, или о нарушении антикоррупционной политики, или СМПВ и проверяет их на предмет достоверности информации.

В случае подтверждения факта коррупции Предприятие информирует уполномоченный государственный орган для принятия соответствующих мер.

7.5 Должностные лица и/или работники Предприятия могут получать консультацию комплаенс-службы о необходимых действиях в случае, если они столкнулись с проблемой или ситуацией, которая могла бы подразумевать коррупцию.

8. Ответственность

8.1. Работники Предприятия всех уровней несут ответственность за неукоснительное исполнение требований настоящей Политики.

8.2. Нарушение требований Политики рассматривается Предприятием как действие, несовместимое со статусом должностного лица или работника и служит основанием для проведения служебного расследования с принятием соответствующих мер, вплоть до передачи материалов по нарушению уполномоченному государственному органу в области противодействия коррупции.

8.3 Работники Предприятия всех уровней обязаны ознакомиться с настоящей Политикой и добросовестно следовать её требованиям.

9. Заключительные положения


9.1 Политика размещена на официальном веб-сайте Предприятия (www.госэкспертиза.kz) на государственном и русском языках.

9.2 Предприятие, размещая Политику в свободном доступе, открыто


заявляет о неприятии коррупции, приветствует и поощряет соблюдение принципов и требований Политики должностными лицами и работниками Предприятия, бизнес-партнерами и иными третьими лицами, а также содействует повышению уровня антикоррупционной культуры.

9.3 Политика подлежит изменению в случае внесения изменений и дополнений в законодательство Республики Казахстан, а также с учетом тенденций в мировой и казахстанской практиках корпоративной деловой этики.


Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор




Айгуаров М.Б.
Начальник отдела



Идрисова З.М.
Начальник управления



Оспанов Ж.К.
Руководитель комплаенс-службы



Кабашова Н.Б.

Главный специалист

